

6D051800 «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған  
Шалдарбеков Кайрат Базарбаевичтің  
**«Аймақтық жобаларды басқару механизмін жетілдіру»**  
**(Жамбыл облысының мысалында)**  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

## **ПІКІРІ**

### **1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы**

Қазақстан Республикасында жүргізіліп отырған аймақтық саясат әр – түрлі салалардағы инвестициялық жобаларды жүзеге асыруды көздейді. Аймақ экономикасының дамуы толығымен сол аймақта іске асырылып отырған жобаларды басқару механизмiнiң тиiмдiлiгiне тәуелдi болады. Бұл тұтастай алғанда ұлттық экономиканың өсуiн және халықтың өмiр сүру сапасының жақсаруын қамтамасыз етедi.

Аймақтарды дамыту мақсатында Қазақстан Республикасында «Аймақтарды (өңiрлердi) дамытудың 2020 жылға дейiнгi мемлекеттiк бағдарламасы» қабылданған. Бағдарлама мақсаты - әр аймақтың әлеуметтiк-экономикалық әлеуетiн тиiмдi пайдалану негiзiнде аймақтардың тұрақты дамуы үшiн жағдай жасау болып табылады. Бұл бағдарлама шеңберiнде аймақтардың бәсекеге қабiлеттi экономикалық мамандануын дамыту бағытында әр - түрлi инвестициялық жобаларды iске асыру көзделiп отыр. Аймақтық деңгейдегi индустриалдық жобаларды iске асыру «Қазақстан Республикасының индустриялық - инновациялық дамыту бағдарламасы» аясында да жүргiзiлiп отыр.

Аймақты дамыту проблемаларын шешу аймақтық жобаларды жүзеге асыру арқылы ғана мүмкiн болады. Алайда, аймақтық деңгейде iске асырылып отырған жобалардың барлығы бiрдей сәттi жүзеге асырылып отырған жоқ. Аймақтық деңгейде инвестициялық үдерiстердi басқарудың тиiмдi механизмiнiң болмауы бұл жағдайды одан да қиындата түсуде. Сонымен бiрге, әр аймақтың ерекше өзгешелiктерiн ескеретiн мемлекеттiк реттеу жүйесi қалыптастырылмаған. Бұл ретте аймақтық жобаларды басқарудың кешендi механизмiн құруға байланысты мәселелердi зерделеуге аз көңiл бөлiнедi. Осыған байланысты, жобаларды аймақтық деңгейде басқару механизмiн жетiлдiру жөнiндегi ұсыныстар осы зерттеудiң өзектiлiгiн анықтайды.

### **2. Диссертацияларға қойылатын талаптар шеңберiндегi ғылыми нәтижелер**

Диссертациялық жұмыста аймақтық жобаларды басқару механизмiн жетiлдiру қажеттiлiгi негiзделген және басқару механизмiн жетiлдiру жолдары ұсынылған.

Диссертациялық зерттеудiң маңызды ғылыми нәтижелерi ретiнде мыналарды атауға болады:



1. Аймақтағы жобаларды басқару механизмін қалыптастыру ерекшеліктері анықталды.
2. Аймақтық жобаларды басқару бойынша аймақтық саясаттың негізгі бағыттары негізделді.
3. Аймақтың даму мақсаттары мен басымдықтарын ескеруге мүмкіндік беретін аймақтық жобаларды басқару механизмінің сызбасы ұсынылды.
4. Әр аймақтың ерекшеліктерін ескеретін, аймақ үшін басым жобаларды іріктеуге арналған критерийлер анықталды.

### **3. Диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің, тұжырымдар мен қорытындылардың негізділік және дәйектілік дәрежесі**

Диссертациялық жұмыстың мазмұнын зерделеу, жасалынып отырған ғылыми тұжырымдар, нәтижелер мен қорытындылардың жеткілікті түрде негізделгенін және дәлелденген екендігін көрсетеді. Зерттеу нәтижелерінің негізділігі мен шынайылығы заманауи зерттеу әдістерімен дәлелденген.

Зерттеу барысында диссертант жалпылау, салыстыру, екперттік бағалау, сауалнама жүргізу, иерархиялық талдау әдістері сияқты ғылыми әдістерді қолданды.

Диссертациялық жұмысты орындау кезінде, автор ҚР және Жамбыл облысының статистикалық мәліметтерін, облыстық басқармалардың материалдарын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік нормативті материалдарын пайдаланды.

### **4. Диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің, тұжырымдар мен қорытындылардың жаңашылдық дәрежесі**

Диссертациялық жұмысты орындау барысында диссертант жаңа ғылыми негізделген нәтижелер алды:

- бірінші нәтиже салыстырмалы түрде жаңа болып табылады, яғни аймақтық жобаларды басқарудың кешенді механизмін құру қажеттілігі отандық және шетелдік авторлардың ғылыми еңбектерін зерттеу нәтижесінде теориялық тұрғыда негізделді;

- екінші нәтиже де салыстырмалы түрде жаңа, яғни автормен зерттеудің заманауи әдістерін қолдану нәтижесінде аймақтық жобаларды жүзеге асыру кезіндегі негізгі проблемалар анықталды және аймақтық саясаттың негізгі бағыттары негізделді;

- үшінші нәтиже жаңа, яғни аймақтық жобаларды басқару механизмі аймақтың инвестициялық ортасында қалыптасқан ерекшеліктерді ескеретіндей және сол үдеріске қатысты барлық элементтер кешенді түрде жұмыс істейтіндей түрде құрылуы керек екендігі анықталды;

- төртінші нәтиже жаңа, яғни автормен аймақтың даму ерекшеліктерін ескере отырып, аймақ үшін басым жобаларды іріктеуге арналған критерийлер негізделді және ұсынылды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелерінің негізділігі мен дұрыстығы күмән тудырмайды.



## **5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау**

Диссертациялық жұмыс өзара байланысты үш бөлімнен тұратын зерттеу болып табылады. Диссертациялық зерттеудің құрылымы тақырыпты ашуға және қойылған мақсатқа жетуге ықпал етеді.

Жұмыс тиісті тұтастықты және мақсаттар мен міндеттердің бірлігін көздейді. Ол ұсынылған зерттеу логикасымен және жұмыстың мазмұнымен расталады.

## **6. Докторант қол жеткізген нәтижелердің тиісті өзекті проблеманы, теориялық немесе қолданбалы мәселені шешуге бағытталғандығы**

Диссертациялық зерттеу барысында алынған нәтижелер аймақтың инвестициялық саясатын қалыптастыру мен іске асыру негізіне алынуы мүмкін.

Диссертациялық жұмыс нәтижелерін ендіру актісі бар. Алынған нәтижелердің қолданбалы сипаты зерттеудің тәжірибелік маңыздылығын көрсетеді.

Зерттеудің теориялық және практикалық тұжырымдары оқу процесінде «Жобаларды басқару» бағыты бойынша мамандарды дайындауда қолданылуы мүмкін.

## **7. Диссертациялық жұмыстың негізгі қағидалары, нәтижелері, қорытындылары мен тұжырымдамаларының жариялануын растау**

Диссертация тақырыбы аясында 2 мақала халықаралық Scopus базасына кіретін журналдарда және 4 мақала Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен ұсынылған журналдарда шығарылды. Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен нәтижелері халықаралық және республикалық конференцияларда баяндалып, талқыланды.

## **8. Аннотацияның диссертация мазмұнына сәйкестігі**

Диссертациялық жұмыстың мазмұны аннотацияда толық қамтылған, қойылатын талаптарға сәйкес жазылған.

## **9. Диссертацияның мазмұны мен рәсімделуінде кездескен кемшіліктер мен ұсыныстар**

1. Диссертациялық жұмыстың теориялық бөлімінде отандық ғылыми дереккөздерді кеңірек қарастыру қажет деп санаймын.

2. Жұмыстың 2.2 бөліміндегі аймақтардың инвестициялық климатын бағалау әдістемесін таңдауды толығырақ негіздеу қажет.

3. Диссертациялық жұмыстың үшінші бөліміндегі барлық есептеулерді ашып көрсету керек.

Көрсетілген ескертулер алынған нәтижелердің маңыздылығын төмендетпейді және жұмыстың жалпы оң бағасына әсер етпейді.



**Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Зерттеу аясында алынған нәтижелер жаңашылдыққа, тәжірибелік маңызға ие және «Жобаларды басқару» саласындағы ғылымға үлес қосарлық деңгейде. Қайрат Базарбаевич Шалдарбековтың «Аймақтық жобаларды басқару механизмін жетілдіру» (Жамбыл облысының мысалында) тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы 6D051800 - «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін белгіленген талаптарға сәйкес орындалған, мазмұны, ғылыми жаңалықтары мен қорғауға шығарылатын ғылыми тұжырымдамалары толықтай аяқталған ғылыми зерттеудің нәтижесі болып табылады.

Шалдарбеков Қайрат Базарбаевич 6D051800 - «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты.

**Рецензент:**

Экономика ғылымдарының кандидаты,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Менеджмент» кафедрасының профессоры м.а.

*Смагулова Г.С.* Смагулова Г.С.

РАСТАУ ИЛИ  
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ғылыми кадрлар  
даярлау және аттестаттау басқармасының б...  
ЗАВЕРЯЮ  
Начальник управления подготовки и аттестации  
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби  
Р.Е. Кудайбергенова \_\_\_\_\_  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ ж.г.

